

6. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтылуы

Ыстық тамақпен қамту жұмысын мониторингісін жүргізу мақсатында мектепте бракеражды комиссия құрамы құрылып, құрамы бекітілді. Аптасына бір рет бракеражды комиссия мүшелерімен мектеп асханасының жұмысы тексеріледі. Тексеру барысында асхананың санитарлық жағдайы, ас мәзірі, ауыз су режимі, азық-түліктердің сақталуы, ыдыстардың жағдайы толығымен қадағаланады.

Мектеп бойынша ыстық тамақты ұйымдастыру туралы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен қадағалануда.

Мектепте санитарлық нормалардың сақталуы азық-түлік сапасын бақылау және тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық ережелердің сақтау барысында мектебімізде бракеражды комиссия мүшелері тағайындалынды.

Мектебіміздің оқушылары 100 пайыз ыстық тамақпен қамтылды. Шарбақты ЖОББМ асханасында тамақтандыру "Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру Қағидалары" негізінде "Арғын" Жеке Кәсіпкер күшімен ұйымдастырылды. Шарбақты ЖОББМ 80 орындық тамақтану залы бар. Ыдыс-аяқты, асхана және өзге де жабдықты жуу және дезинфекциялау санитариялық-гигиеналық режимнің барлық нормаларын сақтай отырып, № 76 САНПИН 05.08.2021 ж. сәйкес жүргізіледі.

2025 -2026 оқу жылында 141 специфика бойынша 57 оқушы, (Бастауыш сынып оқушылары)

163 специфика бойынша 20 оқушы (Аз қамтылған, көп балалы, отбасының). Қалған 99 оқушылар ауыл азаматтарымен және ата-аналардың демеушілігімен бір мезгілдік ыстық тамақпен қамтылып отырады.

Оқушыларды ыстық тамақпен тамақтандыру перспективалық мәзірге сәйкес күнделікті мәзір құрылып, мектеп басшысымен бекітіледі.

ТІЖДО: Сальменова А.Ж.